

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының әскери қызметшілеріне қызметтік қуәлік пен жетон беру, пайдалану қағидаларын және олардың сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 356 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 221 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 сәуірде № 22562 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының әскери қызметшілеріне қызметтік қуәлік пен жетон беру, пайдалану қағидаларын және олардың сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 356 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15543 болып тіркелген, 2017 жылғы 31 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының әскери қызметшілеріне қызметтік қуәлік пен жетон беру, пайдалану қағидаларында және олардың сипаттамасында:

1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полициясы бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Корғаныс министрі

H. Ермекбаев

Қазақстан Республикасы
Корғаныс министрінің
2021 жылғы 15 сәуірдегі
№ 221 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштері әскери полиция
органдарының әскери
қызметшілеріне қызметтік
куәлік пен жетон беру,
пайдалану қағидаларына және
олардың сипаттамасына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының әскери қызметшісі қызметтік куәлігінің сипаттамасы



Қызметтік куәлік баспалық оғсеттік тәсілмен жасалады және қолдан жасаудан қорғау дәрежесі бар.

Қызметтік куәлік мынадай түрде беріледі:

- 1) "Әскери полиция" деген жазуы бар белгіленген үлгідегі күрең қызыл түсті жапсырмалы мұқабада – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясы бас басқармасының әскери қызметшілеріне, әскери полиция

органдарының бастықтарына және олардың орынбасарларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының қылмыстық қудалау, патрульдік-бекеттік қызметі, әскери автомобиль полициясы және әскерлер қызметі бөлімшелерінің әскери қызметшілеріне;

2) өзара жапсырылған жапсырмалармен – Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдары қосалқы және сервистік бөлімшелерінің әскери қызметшілеріне.

Қызметтік куәлікке барлық деректер компьютерлік техниканы қолданумен енгізіледі, ал куәлікті берген лауазымды адамдардың қолтаңбасы сиямен немесе қара немесе көк түсті шарикті қаламмен қойылады. Куәлікке жапсырылатын түрлі-түсті фотосурет карточкасы (бюст, анфас) өлшемі 3x4 болып көгілдір түсті негізде жасалады. Фотосуретке тұсу күнделікті әскери киім нысанында (кительде, бас киімсіз) жүргізіледі. Погондардағы айырым белгілері әскери қызметшінің әскери атағына сәйкес келуге тиіс. Фотосурет елтаңбалы мөр бедерімен бекітіледі.

Куәліктің барлық бағандары толтырылғаннан және белгіленген лауазымды адам қолтаңбасын қойғаннан кейін куәліктің жапсырмасы белгіленген белгілері бойынша қыылады, ламинатталады және белгіленген ұлғідегі қаптамаға жапсырылады.

Қызметтік куәлікті ресімдеген кадрлар қызметі белгіленген тәртіппен әскери полиция органдарының әскери қызметшілеріне беру үшін оларды бағынысты әскери полиция органдарына жібереді немесе қажет болған кезде оны тікелей беруді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері Әскери полициясы бас басқармасының әскери қызметшілері қызметтік куәлікті алғаны туралы журналға, ал әскери полиция органдарының әскери қызметшілері – қызметтік куәлікті беру ведомосына қолтаңбасын қояды, оның бір данасы Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің Әскери полициясы бас басқармасына жіберіледі. Одан әрі қызметтік куәлікті беру ведомосы журналда есепке алынады.

Қызметтік куәлікке жапсырма баспалық оффсеттік әдіспен жоғары сапалы қорғау дәрежесін қолданумен жасалады.

Қызметтік куәліктегі жапсырма сол және оң жақ екі бөліктен тұрады. Сол жақ бөлігі қазақ тілінде, оң жақ бөлігі орыс тілінде толтырылады. Әрбір бөліктің өлшемі: ені бойынша 62 миллиметрді, ұзындығы бойынша 92 миллиметрді құрайды. Жапсырманың негізі эксклюзивті (арнайы әзірленген) құрылымы күрделі тангирлі тор (сызылған сзызық қалындығы 0,03 миллиметр, тұсі бойынша әртүрлі, тік және көлденең орналасқан) болып табылады, оның ортасында Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полициясының белгісі бейнеленген. Жапсырманың барлық жазулары қолдан жасаудан қорғалған патентtelген қаріптермен орындалған.

Қызметтік куәліктің сол жақ бөлігі.

Жапсырманың сол жақ бөлігінде металл (қола) бояуды пайдаланумен басылған және түпнұсқаға барынша ұксас Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген. Елтаңбаның төменгі жағында әскери полиция әскери қызметшісінің жеке нөмірі. Жапсырманың жоғарғы бөлігінде негізгіден қызыл-қошқыл түсті микроқаріппен ерекшеленіп бөлінген қазақ тілінде "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРИНІҢ ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯСЫ" деген жазу. Төменгі бөлігінде оң жақ бұрышта негізгіден қызыл-қошқыл түсті микроқаріппен ерекшеленіп бөлінген жапсырманың сериясы және нөмірі, ал олардың алдында "ӘП КҮӨЛІГІ" деген жазу орналасқан. Жапсырмада ӘП-ның алты таңбалы нөмірленуі мен сериясы болады. Бұл ретте серия қызыл түспен, ал нөмірі қара түспен жазылады. Қызметтік куәлікті берген адамның қолтаңбасынан жоғары қарай қуәліктің қолданылу мерзімі туралы қазақ тілінде жазу болады.

Қызметтік куәліктің оң жақ бөлігі.

Жапсырманың оң жақ бөлігінде мөрмен бекітілген фотосурет орналасқан. Фотосуреттің оң жағына қарай рамкада қызыл-қошқыл түсті "РАЗРЕШЕНО ХРАНЕНИЕ И НОШЕНИЕ ОГНЕСТРЕЛЬНОГО ОРУЖИЯ И СПЕЦСРЕДСТВ" деген жазу болады. Куәлікке осы жазуды жазу туралы шешімді Әскери полиция бас басқармасының бастығы қабылдайды. Жапсырманың жоғарғы бөлігінде негізгіден қызыл-қошқыл түсті микроқаріппен ерекшеленіп бөлінген орыс тілінде "ВОЕННАЯ ПОЛИЦИЯ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН" деген жазу болады. Төменгі бөлігінде оң жақ бұрышта негізгіден қызыл-қошқыл түсті микроқаріппен ерекшеленіп бөлінген жапсырманың сериясы және нөмірі, ал олардың алдында "УДОСТОВЕРЕНИЕ ВП" деген жазу орналасқан. Жапсырмада ӘП-нің алты таңбалы нөмірленуі мен сериясы болады. Бұл ретте серия қызыл түспен, ал нөмірі қара түспен жазылады.

Куәліктің екі бөлігінде де қазақ және орыс тілдерінде әскери полиция әскери қызметшісінің атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), лауазымы, қызметтік куәлікке қол қойған адамның лауазымы мен атағы көрсетілген.